

1-топ

Хорни типологиясы

- Американдық психолог Хорни адамның басқа адамдармен қарым-қатынасына қарай тұлғаның үш типін қарастырды:
- Үйірсек тип;
- Агрессивті тип;
- Жатырқаушы тип.
- Үйірсек тип – сүйікті, сыйлы болу мен қамқорлықта болу үшін қарым-қатынасқа жоғарғы қажеттілікке ие және өзгелер бағасына «мені сүйер ме екен, маған қамқорлығы қандай болар екен?» деуші тип.

- **Агрессивті тип** - өзгелерге қатынасын мақсатқа жету құралы ретін құру тән. Мұндай адамдар үстем болуда қарсылықты қаламайды, өзге адамды «маған көмектесіп, пайдасы тиеді ме?» деген тұрғыдан ғана қарайды.
- **Жатырқаушы тип** – мұндай типтегі адамдар эмоциональді келеді. Олар топтық іс-әрекетке қатысқанды қаламайды, қарым-қатынасқа қауіппен, жамандықтан құтыла алмайсың деп өзгелермен қарым-қатынасын дистанцияда ұстауды қалайтындар. Егер біреумен кездесе қалса «мені жайыма қалдыра ма екен?» деген өзіне сұрақ қоятындар.

Эрих Фромм типологиясы

- Фромм Эрих (1900-1980) - неміс-американдық философ; психолог, социолог, неофрейдизм негізін салушы, гуманист-ғалым, әлеуметтік прогресті жақтаушы. 1933 жылы АҚШ-қа қоныс аударды. Философия, психология, антропология, тарих және дін социологиясының дамуына зор үлес қосты. Өзінің ілімін «гуманистік психоанализ» деп атады. Фромм индивид психикасы мен қоғамның әлеуметтік құрылымының арасындағы байланысты анықтау барысында Фрейд биологизімінен алшақтады. Психоаналитикалық «әлеуметтік және дербес» терапия негізінде үйлесімді «дені сау қоғам», жобасын АҚШ-та гуманистік позицияда ұсынды.

- Э.Фроммның пікірінше, жеке тұлғаның әлеуметтенудің мынадай, тәсілдері: мазохизм, садизм, деструкция, конформизм мүмкін болады.
- **Мазохизм** – бағынуға талпыну, моральдық кемсіну.
- **Садизм** – басқа адамдарды өзіне жағдайына байланысты тәуелдендіру, олардың алдындағы өлшемсіз билігі мен қорыту арқылы үстемдігін құру.
- **Деструкция** - өзінің қауқарсыздығы арқасында айналадағы дүниені күйретумен көрінетін әлеуметтену тәсілі. Э.Фромм пікірінше, айналадағы дүниені күйрету, ол – қарсы тұрудағы жан кешті соңғы тәсілі.
- **Конформизм** - өзінің «Менін» қабылдамай, роботқа айналдыру.

Білімгерлер	Хорни типологиясы	К.Леонгард теориясы бойынша студенттердің акцентуациясы	Л.Н.Собчик әдістемесі
Асанова Айнур	Үйірсек тип	Гипертимдік тип	Экстраверсиялы
Әлімқожа Айсанат	Жатырқаушы тип	Гипертимдік тип	Лабильді
Бақыткелдіқызы Дана	Жатырқаушы тип	Сенситивтік тип	Ригидті
Молдакүлова Айгүл	Үйірсек тип	Лабильдік тип	Экстраверсиялы
Талғат Фариза	Үйірсек тип	Шизойдтық тип	Лабильді
Рзай Айдана	Жатырқаушы тип	Сенситивтік тип	Интроверсиялық